

«БЕКІТЕМІН»

**Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері
комитетінің төрағасы**



Ғ. Б. Есеналин

2026 жыл

«__» _____

«КЕЛІСЕМІН»

**«Қазақстанның ұлттық
велосипед спорты
федерациясы»
РҚБ бас хатшысы**



Я. Д. Сулейменов

2026 жыл

2026 жылғы велосипед спортынан (тас жол) жарыстар бойынша

Қазақстан Республикасының чемпионаттары,

Қазақстан Республикасының кубоктарын өткізу

ЕРЕЖЕСІ

Handwritten signature

1. Спорттық жарыстардың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні, спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту күндері

Жарысты ұйымдастыру мен өткізуге жалпы басшылық пен бақылауды «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті» ММ (бұдан әрі – Комитет) және «Қазақстанның велосипед спорты федерациясы» РҚБ (бұдан әрі – ҚҰВСФ) жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен Қазақстан Республикасының кубоктарын өткізу велосипед спортынан жарыстарды өткізу құқығына жарыстың өтетін орны бойынша жергілікті басшы уәкілетті спорт ұйымдарына жүктеледі. Жарысты тікелей өткізу ұйымдастыру комитеті мен ҚҰВСФ бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

Спорттық жарыстардың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні:

р/с №	Өтетін мерзімі	Өтетін орны	Спорттық іс-шараның атауы:
1	24-30.03.2026 ж.	Қызылорда облысы Қызылорда қ.	Көпкүндік жарыстан ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының кубогі. Жекелей жарыстан әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының кубогі. Критериум бағдарламасынан юниор ұлдар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
2	07-13.04.2026 ж.	Түркістан облысы Түркістан қ.	Ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты. Топтық жарыстан жастар (ерлер, әйелдер 19-22 жас) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
3	30.04-06.05.2026 ж.	Алматы облысы, Алматы қ.	Ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының тау чемпионаты
4	08-09.05.2026 ж.	Алматы облысы Талғар қ.	Критериум бағдарламасынан ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
5	12-13.06.2026 ж.	СҚО Петропавл қ.	Жұптық жарыстан жасөспірім ұлдар (15-16 жас) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
6	20-28.06.2026 ж.	Ақмола облысы	Ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Жекелей жарыстан жастар (ерлер, әйелдер 19-22 жас) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Юниор ұлдар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.

7	06-12.07.2026 ж.	Қостанай обл. Қостанай қ.	Жасөспірім ұлдар мен қыздар (13-14, 15-16 жас) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.
8	07-11.09.2026 ж.	Алматы обл. Талғар қ.	Көпкүндік жарыстан жасөспірім қыздар (15-16 жас) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
9	21-26.09.2026 ж.	Жетісу обл. Талдықорған қ.	Көпкүндік жарыстан жасөспірім ұлдар (15-16 жас) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
10	10-15.10.2026 ж.	Қызылорда обл. Қызылорда қ.	Критериум бағдарламасынан әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Командалық эстафетадан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының кубогі

Жоғарыда көрсетілген кестедегі № 1,2,10 тармақтағы жарысқа юниор ұлдар мен юниор қыздарға қатысуға, № 3,4 тармақтағы жарыстарға юниор ұлдарға қатысуға рұқсат етіледі.

Спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту күндері

Комитет бекіткен спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарға, қатысушы ұйымдар мандат комиссиясынан өту және біліктілік жарыстарын өткізу (қажет болса) үшін жарыс басталуға бір күн қалғанда келуі тиіс және жарыс аяқталған күні немесе жарыс кеш аяқталса, содан кейінгі күні кетуі тиіс.

Жарыстың бас төрешісі мен бас хатшысы жарысты ұйымдастыру, бақылау және өткізуге байланысты сұрақтарды шешу үшін жарыс басталардан 48 сағат, ал жарыс директоры 72 сағат қалғанда, шақыртылуы мүмкін.

2. Қатысушы ұйымдар, жарысқа қатысушылардың сандық құрамы

Қатысушы ұйымдар:

Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен Қазақстан Республикасының кубоктарына Комитет бекіткен 2026 жылға арналған велосипед спорты (тас жол) бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесінің негізінде, тиісті Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінен, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан командалар қатысады.

Қазақстан Республикасының чемпионатына әрқайсысы бір облыс немесе республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан қатысатын болса, кемінде **5 (бес)** командадан спортшылары болған жағдайда өткізіледі.




Ерлер-әйелдер элита тобы бойынша жарыстарға, **19-22 жастағы (23 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер)** және **17-18 жастағы** юниор ұлдар мен юниор қыздарға қатысуға рұқсат етіледі. Юниор ұлдар мен юниор қыздар тобындағы жарыстарға 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар қатысуға рұқсат етіледі.

Әйелдер элита санаты бойынша 19-22 жастағы әйелдерге рұқсат етіледі.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер әйелдер санаты бойынша марапатталады.

Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионатын өткізу кезінде юниор ұлдар мен юниор қыздар тек өз санаттарында қатысады, жасөспірім ұлдар мен қыздарға жарысқа қатысуға рұқсат етілмейді.

Жасөспірім ұлдар мен қыздарға, ерлер мен әйелдер элита тобы бойынша барлық жарыстарға қатысуға тыйым салынады.

Егер әр облыстан, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан бір командадан көп өтініш берілген болса, онда жарыстағы командалардың жейделерінде айрықша белгілер (логотиптер) болуы тиіс.

Спортшылардың Қазақстан Республикасының чемпионаттарына, Қазақстан Республикасының кубоктарына Қазақстан Республикасының ұлттық киімімен (велосипед формасымен) қатысуына тыйым салынады.

Велосипедтер мен құрал-жабдықтар UCI-дің техникалық нормалары мен қауіпсіздік талаптарына сай болуы тиіс.

Жарысқа спортшылар, команда өкілі, жаттықтырушылар, механиктер, сондай-ақ атқаратын лауазымын көрсете отырып, қолданыстағы қатысушы паспорты бар, жарыста командаға ілесіп жүретін және міндеттерін атқаратын тұлғалар жіберіледі.

Спорттық жарысқа қатысушылардың сандық құрамы, жаттықтырушылар, төрешілер және басқа қатысушылар:

Әр жарысқа жас санаты бойынша **6** (алты) спортшы, **1**-жаттықтырушы, **1**-механик, **1**-өкілден тұратын команда жіберіледі. Жарыста әр облыстан, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан бір командадан көп команда қатысуы мүмкін. Велосипед спортынан (тас жол) жарысқа қатысатын жарысушылар саны 200 қатысушымен шектелуі тиіс.

Ерлер және 19-22 жастағы андерлер арасындағы Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионатына жеке жарысқа әр облыстан, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан **2** (екі) спортшыдан және **2025** жылғы Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионы жіберіледі. Командалық эстафета жарысына **3** ер және **3** әйелден (17-18 жастағы юниор ұлдар мен юниор қыздарға рұқсат етіледі) құралған аралас (MIX) команда шығады.

2026 жылға арналған спорттық- бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарда, қатысушы командаларда іссапарға жіберуші ұйымның есебінен, қатысушылардың өмірі мен денсаулығына, техникаға жауапты команда өкілі, техникалық тұрғыда жарамды автокөлігі бар ілесуші жаттықтырушы, **1** (бір) механик және **1** (бір) төреші болуы тиіс.

Жасөспірім ұлдар мен қыздардың жарысына қатысушылар санатында, уақытқа жарыстарға арналған арнайы мүкәммалды және құрал-жабдықты (аэродинамикалық: велосипедтер, рөлдер, диск доңғалақтар, жоғары бейінді лопасть дөңгелектер мен дулығалар) пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

15-16 жастағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы көпкүндік жарыстағы Қазақстан Республикасының чемпионатына тек қана **6** спортшыдан (ең азы 4) тұратын командаларға рұқсат етіледі. Жарыста әр облыстан, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан бір командадан көп бірнеше командаға қатысуға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін барлық жарыстарға қатысушылардың ара салмағы: 13-14, 15-16 жастағы жасөспірім ұлдар мен қыздарда 52x14 аспауы тиіс.

Спортшылардың жынысы мен туған жылы

Жарысты өткізу бағдарламасына сәйкес жарысқа қатысуға 5 (бес) жас санаты бойынша командалар жіберіледі:

Жасы	Туған жылы
ерлер, әйелдер элита	2003 ж. және одан үлкен
ерлер, әйелдер, андерлер 19-22 жас	2004 ж., 2005 ж., 2006ж., 2007ж.
юниор ұлдар, юниор қыздар 17-18 жас	2008 ж., 2009 ж.
Жасөспірім ұлдар мен қыздар 15-16 жас	2010 ж., 2011 ж.
Жасөспірім ұлдар мен қыздар 13-14 жас	2012 ж., 2013 ж.

Төрешілер алқасы, егер осы кезеңде аталған санатта жарыс өткізілмесе, кіші санаттағы спортшыларға рұқсат беру туралы шешім қабылдауы мүмкін. Рұқсат, тек қана үлкен жастағы санатқа рұқсат беру туралы тиісті медициналық анықтама болған жағдайда ғана, жүзеге асырылады.

Төрешілер алқасының сандық құрамы

Велосипед спортынан (тас жол) жарыстарға төрешілік ету үшін Халықаралық велосипедшілер одағының (UCI) бекіткен қағидасына сәйкес, келесі төрешілер құрамы талап етіледі:

Бас төреші	1
Бас төрешінің орынбасары	2
Дистанция (қашықтық) басшысы	1
Старт беруші	1
Мәредегі аға төреші	1
Мәредегі төреші	1
Бас хатшы	1



Старт берушінің көмекшісі	1
Старт берушінің көмекшісі (қолдау)	4
Электронды хронометраж	3
Қолмен жасалатын хронометраж	4
Бұрылыстағы төреші	4
Айналымдарды есептейтін төреші	1
Велосипедтерді тексеруші	2
Хатшы	2
Хабарлаушы төреші	1
Марапатау бойынша төреші	1
Қатысушылардың арасындағы төреші	2
Мотоциклдегі төреші	2
«Жарыстың соңындағы» төреші	1
ЖИЫНЫ:	36

Велосипед спортынан (тас жол) Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін барлық жарыстарға «ҚҰВСФ» РҚБ бекіткен бас төрешілер алқасы қызмет көрсетуі тиіс. Бас төрешілер алқасы шешуші дауысы бар 5 (бес) төрешіден (бас төреші, бас төрешінің орынбасары, 3-ші төреші, стартер, мәредегі аға төреші) құралады.

Қазақстан Республикасының барлық чемпионаттарында, Қазақстан Республикасының кубоктарында, оның ұйымдастырушысы кім болғанына қарамастан, бас төрешінің санаты «Қазақстан Республикасының ұлттық төрешісі» дәрежесінен кем болмауы тиіс, ал қалған төрешілер «спорт төрешісі» санатынан кем болмауы тиіс.

3. Медициналық-санитарлық және допингке қарсы қамтамасыз ету

Велосипед спортынан (тас жол) 2026 жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарда, ұйымдастырушы тиісті денсаулық сақтау органының медициналық қызметін тағайындайды.

Медициналық қызметтер жарыс кезінде, сондай-ақ жарыс өтетін трассаның мәресінде дәрігер, медициналық мейірбике болуы тиіс.

Велосипед спортынан (тас жол) Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен Қазақстан Республикасының кубоктарын өткізу кезінде, тасжолда тиісінше дәрігер, медициналық мейірбике және жүргізушісі бар бригаданың екі жедел жәрдем көлігі міндетті түрде болуы керек. Егер жедел жәрдем автокөлігі, дәрігер, медициналық мейірбике болмаса, жарыс өткізілмейді.

Жарысқа қатысушы ауыр жарақат алған кезде, тиісті есепке алу және есептілік құжаттамасын рәсімдеу, оларды жақын маңдағы травматологиялық қосынға уақытылы жөнелтуді қамтамасыз ету жарысқа қызмет көрсететін дәрігердің міндеті болып саналады.

Тек жарысқа қызмет көрсететін дәрігер ғана, жарысқа қатысушыны денсаулық жағдайына байланысты жарыстан шығарады.

Допингке қарсы қамтамасыз ету:

Халықаралық олимпиада комитеті таныған және допингпен күресті жүзеге асыруға анықталған халықаралық ұйым, спорт жарысына қатысушыларды тестілеу үшін халықаралық стандарттардың талаптарын сақтай отырып, спорт жарыстарында міндетті допингтік бақылау өткізеді.

Барлық жарысқа қатысушылар БДҚА-нің допингке қарсы кодексінің ережелерін сақтауы тиіс. БДҚА-нің допингке қарсы кодексін бұзған спортшыларға санкциялар қолданылады.

Допингтік бақылаудың барлық хаттамалары ҚҰВСФ-на жолданады.

4. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі, қаржыландыру шарттары

Ұйымдастыру комитеті төрешілер алқасымен келісе отырып, қатысушылардың тізімін нақтылағаннан кейін, сондай-ақ форс-мажорлық, техникалық және басқа жағдайлар бойынша жарыстың бағдарламасына өзгерістер енгізуге құқылы және ол туралы команда өкілдерімен бірге өткізілетін төрешілер алқасының отырысында хабарлайды.

Нысан бойынша (**№1 қосымша**) толтырылған, жарысқа қатысуға алдын ала өтінімдер жарыстың басталуына **10 (он)** күн қалғанда, одан кешіктірілмей, ҚҰВСФ-ның info@cycling.kz сайтында рәсімделуі тиіс немесе ұйымдастырушы көрсеткен электронды поштаға жіберілуі тиіс. Жарысқа қатысуға нысан бойынша толтырылған (**№2 қосымша**) түпкілікті өтінім, команданың әр спортшысына қатысушы паспорты, жарыс өтетін орны бойынша мандат комиссиясына келген күні тапсырылады. Өтінімді Қазақстанның велосипед спорты федерациясының қатысушы паспорты болған жағдайда, команда өкілі жеке өзі тапсырады. Өтінімге енгізілген барлық спортшылар жарыс жолына шығуға міндетті.

Жарысқа қатысу туралы 10 күн бұрын алдын ала өтінімдерді ұсынбаған командаларға, төрешілер алқасының шешімімен айыппұл салынады.

Жарыс кезінде спорттық тәртіп пен спорттық әдеп нормаларын (алкоголь ішу, төрешілермен келіспеу, төрешінің белгілерін орындамау, жарыс ережесін бұзу және өзге де құқық бұзушылықтар) бұзғаны үшін ҚҰВСФ-ның Тәртіптік комитеті мынадай санкциялар қолданады:

- қызмет көрсетуші персоналды (жаттықтырушылар, өкілдер, механиктер мен басқа тұлғаларды) жұмыс орны бойынша спорт ұйымының басшысына хабарлай отырып, команданы өкілеттігінен шығару;

- спортшыларды тұрғылықты жері бойынша спорт ұйымының басшысына хабарлай отырып, жарысқа қатыстырмау;
- құқық бұзушылық қайталанса, ҚҰВСФ Атқару комитетінің шешімімен 3 айдан
- 6 айға дейін жарыстан шеттету (дисквалификация).

Комитет бекіткен спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбелік жоспарына енгізілген барлық жарыстарда қатысушы ұйымдарда іс-сапарға жіберуші ұйымның есебінен 1 (бір) төреші болуы тиіс.

Велосипед спортынан (тас жол) Қазақстан Республикасының барлық ұлттық чемпионаттарында спорт жарысына төрешілерсіз қатысуға мандат комиссиясына ұсынылған командалық өтінімдер қарастырылмайды. Бұл шарт бұзылған жағдайда, команда жарысқа жіберілмейді.

Төрешілер жарыс басталар алдында төрешілердің дайындық семинарынан немесе нұсқаулықтан өтеді.

Команда өкілдері мандат комиссиясына жеке жарыста және командалық жарыста ілесіп жүретін төрешілерді атап көрсетеді.

Қаржыландыру шарттары:

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті («Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК) Қазақстан Республикасының чемпионаттарын, Қазақстан Республикасының кубоктарын ұйымдастыру, бақылау және өткізумен байланысты мынадай шығыстарды көтереді: жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау (медальдар, дипломдар, кубоктар); төрешілердің еңбекақысын төлеу **«Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК** мемлекеттік жаттықтырушысының, бас және штаттағы жаттықтырушылардың, команда басшысының іссапар шығыстарын.

«Қазақстанның ұлттық велосипед спорты федерациясы» РҚБ Қазақстан Республикасының чемпионаттарын және Қазақстан Республикасының кубоктарын өткізумен байланысты шығыстарды көтереді, атап айтқанда: фотофиништі дайындау мен безендіру, жарысушыларға нөмірлерді, стикерлерді және қатысушы командалардың мәшинелеріне (техничкаларға) нөмірлер әзірлеу, жеке-бас сыныптама, белсенді, таулы және кезеңдердің санына және көпкүндік жарыстарды өткізудің кезеңдерінің санын анықтай отырып, көпкүндік жарыстарды өткізудің белгіленген регламентіне сәйкес көпкүндік жарыстағы өзге аталымдар үшін веломайкілерді, рацияларды дайындау, арнайы құрал-жабдықтарды тасымалдау үшін автотранспортты жалға алу, фотофинишке қызмет көрсету үшін төрешілер алқасы мен маманды іссапарға жіберу (екі жаққа жолақысы, тәулікақы, орналастыру) шығыстарын көтереді.

Жергілікті атқарушы органдар мен жарысты өткізу орны бойынша спорттық ұйымдар Қазақстан Республикасының чемпионаттарын және Қазақстан Республикасының кубоктарын өткізумен байланысты шығыстарды көтереді, атап айтқанда: 6 (алты) бірлікке дейін төрешілер үшін автотранспортты (жеңіл) жалға алу (арендаға), баннерлер мен баспа өнімдерін дайындау, фотофиништі дайындау

және безендіру, еріктілер үшін футболкаларды әзірлеу, велосипедтерге арналған нөмірлік табличкаларды, кепкалар, қойындәптерлер, қаламсаптар, аккредитация мен брендтік ланьярдтарды әзірлеу, «Сөре» және «Мәре» үшін арканы жалға алу, радиомашинаны жалға алу, ұйымдастыру комитеті мен төрешілерге киіз үйді жалға алу, командаларға арналған шатырларды жалға алу, тайминг және транспондер хронометражы үшін құрал-жабдықтарды жалға алу, төрешілерге, еріктілерге және ұйымдастыру комитетіне арналған жарыс кезіндегі тамақтардың (ланчбокстар) шығыстарын, шақыру билеттерін, аңдатпаларды, анықтамалық басылымдарды, вымпельдерді дайындау, автожолдарды жөндеу, трассаларға белгі қою, арнайы құрал-жабдықтарды орнату бойынша ақы төлеу, арнайы құрал-жабдықтар мен қоршауларды, (турникеттерді) тасымалдауға арналған транспортты жалға алу, жарысты өткізетін орындарды дайындау және безендіру, суды жеткізу және допингтік бақылау өткізуге арналған үй-жайды (санитарлық торабы бар жеке бөлмежай) жалға алу, қызмет көрсетуші персоналға ақы төлеу, жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін бағалы жүлделермен марапаттау, жүргізуші мен хостес ұсыну, радио-машинаны, дыбыс құрал-жабдықтарын, сахнаны, киіз үйді, шатырлар мен палаткаларды жалға алу, қызмет көрсетуші персоналға ақы төлеу, бас төрешілер алқасын 3 (үш) бірлікке дейін автотранспортпен (жеңіл) қамтамасыз ету, жол полициясы экипаждарының (ЖПҚ) ілесіп жүруін қамтамасыз ету, жергілікті полиция қызметінің (ЖПҚ) құрама командалар тұратын (орналасқан) орындарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ аумақ пен жарыс трассаларын қоршауға арналған турникеттер мен дабылды жол конустарын ұсыну, жол қозғалысының шектеу және ескерту белгілерін орнату, автокөлік тұрағы, ұйымдастырушылардың сызбасына сәйкес жарыстар өтетін уақытта жарысқа қатысушылардың сөре орнына ұйымдасып шығуы үшін ЖПҚ-нің ілесіп жүруін, жарыстар өтетін орындарда ЖПҚ-нің мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, 2 (екі) арнайы жедел жәрдем автомашинасымен, тиісінше дәрігер, медициналық мейірбике және жүргізушісі бар бригаданың медициналық қызметін қамтамасыз ету, ұйымдастырушылардың және автожолдарды жөндеу мекемесінің сызбасына сәйкес жарысты өткізуге жөндеу мен жол төсемінің дайындығын қамтамасыз ету, жарыстар өтетін аумақты дайындау, абаттандыру және арнайы (түгел) тазалау жұмыстарын жүргізу, сөре және мәре алаңдарында биодәретханаларды ұсыну, ұйымдастырушылардың және автожолдарды жөндеу мекемесінің сызбасына (чертежіне) сәйкес жарыстар өтетін, сөре және мәре алаңдарында өрт қауіпсіздігінің, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерінің, сақталуы мен бақылануын қамтамасыз ету бойынша шығыстарды төлейді.

Іссапарға жіберуші ұйымдар (облыстардың, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларының дене шынықтыру және спорт басқармалары және басқа спорттық ұйымдар) командаларды **іссапарға жіберумен байланысты шығыстарды** (жолақысы, тәулікақы, орналасу, тамақтану, автотранспортты жалға алу, велосипедтерді сақтау үшін үй-жайларды ұсыну жөніндегі қызметтер және т.б.) төлейді.

5. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі

Жарыстың барлық бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық чемпионаттарының, Қазақстан Республикасы чемпионаттарының, Қазақстан Республикасы кубоктарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері (элита - ерлер, әйелдер; Андерлер 19 - 22 жас – ерлер, әйелдер, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар, 13-14 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар) 1,2,3 орын үшін Комитеттің I,II,III дәрежелі тиісті дипломдарымен және медальдармен марапатталады. Ал көпкүндік жарыстың чемпион командасы мен жүлдегерлері командалық есептің барлық кезеңіндегі ұпай сомасы бойынша 1,2,3 орын үшін Кубоктармен марапатталады.

Дәлелді себепсіз марапаттау рәсіміне шықпаған жарысқа қатысушы спортшылар спорттық іс-шараның дипломдарымен, медальдарымен және кубоктарымен марапатталу құқығынан айырылады.

Нәтижелерді бағалау жүйесі

Мәреде жеңімпазды анықтау үшін фотофиниш жабдықталады және тіркейтін электронды аппаратура орнатылады. Мәредегі төрешінің тіркегені, мәреге жарысушылардың келу тәртібінде әртүрлі біліктілікте келе жатқан жеңімпаздарды, жүлдегерлерді анықтауға негіздеме болады.

6. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау

UCI-дің халықаралық қағидасына (1.2.132-тармақ) сәйкес наразылықтар қарауға қабылданбайды. Жарыс барысындағы даулы сұрақтар бойынша төрешілер алқасының шешімі, халықаралық қағиданың тиісті параграфына сілтеме жасай отырып, жарысқа қатысушылар мен олардың өкілдеріне түсіндіріледі. Жарыс кезінде төрешілер алқасына келіп түскен айыппұлдар үшін ақшалай қаражат жарыс хаттамасының коммюникесінде көрсетіледі, аталған қаражат ҚҰВСФ-нің есепшотына аударылады. Жарыс кезінде болатын барлық ерекше оқиғаларға қатысты дау-дамайларды төрешілер алқасы дереу қарастыруы керек. Төрешілер алқасы жарысқа қатысушының жарыс қағидасын бұзғаны туралы мәліметтерді, тек төрешілер алқасының мүшелерінен ғана қабылдайды. Егер мәселе мәредегі төреші анықтаған нәтижені өзгерту туралы болса, даулы сұрақтар қарастырылмайды.